

БЕКІТЕМІН

**Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің
« №10 жалпы білім беретін мектебі» КММ
директоры**

_____Л.А. Байханова

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№10 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ
«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ**

2025-2026 оқу жылы

Мектепішілік тәрбие жұмысының тақырыбы:

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Мектептегі тәрбие жұмысының мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

- **Мектептегі тәрбие жұмысының міндеттері:** Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Өр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Құндылықтар:

- Тәуелсіздік және отаншылдық;
- Бірлік және ынтымақ;
- Әділдік және жауапкершілік;
- Заң және тәртіп; Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
- Жасампаз және жаңашылдық;
- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;

Әр айдың іс-шаралары

Күнделікті:

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез- құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

Апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен жұмыс жоспарына, мақсатты тақырыптарға сәйкес, салауатты өмір салты, құқықтық сауаттылық, ақпараттық мәдениет, жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі

негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу

АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ

Қыргүйек

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)

Апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!

Апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! /Абай/

Апта дәйексөзі: Еңбек — жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. /Абай/

Қазақстан

Тәуелсіздік және отаншылдық

Апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын,
Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!

Апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!

Апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады!

Апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!

Қараша

Әділдік және жауапкершілік

Апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!

Апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ!

Апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі

Апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!

Желтоқсан

Бірлік және ынтымақ

Апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады

Апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді

Апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас

Апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған

Қаңтар

Заң және тәртіп

Апта дәйексөзі: Талап бар жерде тәртіп бар

Апта дәйексөзі: Тәртіп – тәрбие бастауы

Апта дәйексөзі: Әділ заң – аспан тірегі

Апта дәйексөзі: Тәртіпсіз ел болмайды

Ақпан

Жасампаздық және жаңашылдық

Апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге

Апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала

Апта дәйексөзі: Өнерлі бала өрге жүзер

Апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы

Наурыз

Тәуелсіздік және отаншылдық

Апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы)

Апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік

Апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады

Апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең

Сәуір

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай)

Апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи)

Апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар

Апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер

Мамыр

Бірлік және ынтымақ

Апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ

Апта дәйексөзі: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күннің жоқ

Апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)

Апта дәексөзі: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. (Күлтегін)

Маусым

Жасампаздық және жаңашылдық

Апта дәйексөзі: Ең берік қамал – Отанға деген сүйіспеншілік

Апта дәйексөзі: Бірлік пен жасампаздық – ел бағдары

Апта дәйексөзі: Жасампаз халық болуымыз қажет. (Қ.К.Тоқаев)

Апта дәйексөзі: Ежелден ел тілегі – ер тілегі,

Адал ұл ер боп туса – ел тірегі! (Б.Момышұлы).

АТАУЛЫ КҮНДЕР

- Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл (1845-1904).
- Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл (1915-1973).
- Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл (1885-1935).
- Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл (1895-1983).
- Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл (1835–1865).
- Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (1910

1982).

- Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846-1945).
- Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл (1866-1937).
- Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл (1906-1968).

I. Тәрбиенің нормативтік - құқықтық қамтамасыз ету

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы; «Балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы;
11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 18 тамызындағы №194 «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру туралы бұйрығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің бұйрығына 1-қосымша «30» шілде 2025 жыл № 194 Білім беру ұйымдарындағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы

12. Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық. Алматы 2023
13. Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы.
14. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 бұйрығы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР				
1	Білім беру ұйымдарының сайттарында, әлеуметтік желілерінде оқу-тәрбие процесінің жоспарларын орналастыру	Жоспарлар	Мектеп әкімшілігі: ДОІЖО Жумабаева А.А. Андреева Е.Г. Аугалиева Г.Ж. Сулейменова З.Ш. Каралева О.В. Макашева Д.Р. ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К.	2025-2026 о.ж.
2	Педагогикалық кеңестерде "Адал азамат" бағдарламасын іске асыру мәселелерін қарау	Презентация, та ратпа материалдары	Директордың тәрбие ісі- жөніндегі орынбасарлары /ДТІЖО/ Канафина К.М.	Пед.кеңес 29 тамыз 2025 Хаттама №1

3	398-бұйрыққа сәйкес профилактика кеңесінің жұмысы	Жоспар	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К.	Хаттамалар
	Қамқоршылық кеңестің жұмысы			Хаттамалар
	Ата-аналар педагогикалық қолдау орталығының жұмысы			
4	«ДосболLIKE» білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің)алдын алу бағдарламасын іске асыру	Жоспар	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К.	Ақпарат
5	Сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру үшін әдістемелік материалдарды әзірлеу білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз етеді	Сынып сағаттарының рефераттары, үйірме қызметі мен факультативтік сабақтардың бағдарламасы, пәннің мазмұнын интеграциялай отырып, сабақтардың рефераттары	Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасарлары Канафина К.М. Сынып жетекшілерінің бірлестік жетекшілері Валиулина К.А. Камбарбекова Ұ.Т.	Кестеге сай
6	"Адал азамат" бағдарламасына сәйкес МДЖ-ға толықтырулар мен өзгерістер енгізу	Жаңартылған жоспар	Мектеп директоры Байханова Л.А.	29 тамыз 2025 жыл
7	Бағдарламаны іске асыру процесін директор жанындағы кеңесте қарау	Хаттама, мониторинг	Мектеп әкімшілігі: ДОІЖО Жумабаева А.А. Андреева Е.Г. Аугалиева Г.Ж. Сулейменова З.Ш.Каралева О.В. Макашева Д.Р.,	2025-2026 о.ж.

			ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К.	
8	Шығармашылық жобалар құру бойынша жұмысты ұйымдастыру магистр мұғалімдерін, Phd және директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасарларын тарта отырып, оқушылардың зерттеу қызметін дамыту	Бұйрық, ереже, жоба	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К.	2025-2026 о.ж.
9	"Өнегелі өмір" жобасын іске асыру (болашақ мамандықты таңдау үшін жастардың өмірдің түрлі салаларындағы табысты адамдармен кездесуі үшін коммуникативтік алаң құру)	Кездесулер	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. педагог-профориентатор Миллер А.В. аға тәлімгер Серикбаева Г.К.	Жыл бойы
10	Мұғалімдер цифрлық технологияларды құрудың жаңа технологияларымен тікелей тәжірибе алатын шеберлік сыныптары мен семинарларды өткізу білім беру материалдары	Семинарлар, шеберлік сыныптар	Мектеп әкімшілігі: ДОІЖО Жумабаева А.А. Андреева Е.Г. Аугалиева Г.Ж. Сулейменова З.Ш.Каралева О.В. Макашева Д.Р. , ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К.	Жыл бойы
11	Облыстың білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін арттыруға және оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына көмек көрсетуге бағытталған жобаларды іске асыру	«Педкалсс» жобасы	ДОІЖО Макашева Д.Р. педагог-профориентатор Миллер А.В.	Жыл бойы
12	Эко-сыныптарды ашу. Білім алушылардың экологиялық мәдениетін дамыту және қоршаған ортаны жақсартуға, табиғатты ұтымды пайдалануға және экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған дағдыларды қалыптастыру	Жасыл клуб жобасы	Жасыл клуб жетекшісі Байбатшаева Н.Н.	Жыл бойы

13	Балалар мен жасөспірімдердің мәдени тәрбиесін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу	Іс-шаралар өткізу	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. аға тәлімгер Серикбаева Г.К. Әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А. Педаго-психолог Қалжанова Е.Ж.	тұрақты
14	Әлеуметтік қауіпті жағдайдағы және қосымша әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасылар мен балалар туралы деректер банкін қалыптастыру, олармен профилактикалық жұмыс жүргізу	Анықтамалық ақпарат	ДТІЖО Нуржанова Г.К. әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А. педагог-психолог Қалжанова Е.Ж.	тұрақты
15	"Тәуекел тобына" кіретін аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға әлеуметтік қолдау көрсету (қажетті заттарды, кеңсе тауарларын, киім-кешек, тамақ өнімдерін және т. б. сатып алу)	Әлеуметтік қолдау	ДТІЖО Нуржанова Г.К. әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А.	тұрақты
16	Отбасы құндылықтары мен салауатты өмір салтын әлеуметтендіру және сіңіру үшін "тәуекел тобына" кіретін аз қамтылған отбасылардың балаларына киноға, мұражайларға, театрларға және басқа да мәдениет объектілеріне жорықтар ұйымдастыру	Әлеуметтік қолдау	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. аға тәлімгер Серикбаева Г.К. Педаго-психолог Қалжанова Е.Ж.	тоқсанына кемінде 1 рет
17	Балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту, мектеп спорт лигаларын құру және мектеп спорт клубтары арасында дене шынықтыру іс-шараларын	Спорттық іс-шаралар Үйірмелер кестесі	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Педагог-ұйымдастырушы	тұрақты

	ұйымдастыру Оқушылардың қызығушылықтары бойынша үйірмелер мен секциялар, клубтар мен сабақтан тыс жұмыс бірлестіктерін қалыптастыру.		Миллер А.В. аға тәлімгер Серикбаева Г.К. Әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А. Денешынықтыру мұғалімдері	
18	Нашақорлықтың алдын алу жөніндегі профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыру үшін оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының жанынан (мектеп парламенттері, жоғары сынып оқушыларының кеңестері және көшбасшылар комитеттері) әлеуметтік-белсенді топ құру	Тиісті іс-шаралар мен жобаларды жүргізу	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. аға тәлімгер Серикбаева Г.К.	2025 жылғы ақпан
19	Нашақорлықтың алдын алу жөніндегі спикерлерді шақыра отырып дәріс өткізу, оның ішінде әлеуметтік бейнероликтерді қарау	Дәрістер	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. аға тәлімгер Серикбаева Г.К. Әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А.	оқу жылы ішінде
20	Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне, спорттық және мәдени іс-шараларға арналған каникул кезеңінде айлықты өткізу	Тиісті іс-шараларды ұйымдастыру	ДТІЖО Нуржанова Г.К.	жыл сайын 1-30 маусым аралығында
21	Гигиена, санитария және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша инфографика, ақпараттық парақтарды тарату және бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде орналастыру.	Ақпарат	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. аға тәлімгер Серикбаева Г.К.	Жыл сайын

			Әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А. сынып жетекшілері, дене шынықтыру мұғалімдері, мұғалімдер, медициналық қызметкер	
22	"Саламатты мектеп" жобасының іске асырылуы мен аралық нәтижелерін медиа ресурстарда, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	Ақпарат	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. аға тәлімгер Серикбаева Г.К. сынып жетекшілері, жаттықтырушылар, дене шынықтыру мұғалімдері, мұғалімдер, медициналық қызметкер	Жыл сайын
23	Салауатты өмір салтына арналған тақырыптық күндерді немесе апталарды ұйымдастыру. Практикалық сабақтар мен дәрістер өткізу үшін дәрігерлерді, жаттықтырушыларды, психологтарды шақыра отырып, салауатты тамақтану бойынша спорт жарыстарының, мастер-кластардың бағдарламасына енгізу	Ақпарат	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. аға тәлімгер Серикбаева Г.К. сынып жетекшілері, жаттықтырушылар, дене шынықтыру мұғалімдері, мұғалімдер, медициналық қызметкер	Жыл сайын
24	Үздік пайдалы тағамға конкурстар өткізу, белсенділікке арналған спорттық жарыс немесе	Ақпарат	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К.	Жыл бойы

	қалалық / өңірлік деңгейдегі ұжымдағы психоэмоционалдық климатты жақсартуға бағытталған жоба (әлеуметтік желілердегі челленджер)		Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. аға тәлімгер Серикбаева Г.К. Әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А. сынып жетекшілері, дене шынықтыру мұғалімдері, мұғалімдер, медициналық қызметкер	
25	"Саламатты мектеп" жобасына тарту үшін оқушылардың денсаулығын нығайтудағы ата-аналардың рөлі туралы хабардарлықты арттыру мақсатында, сондай-ақ аурулардың алдын алу, вакцинация және гигиена тақырыптары бойынша ата-аналар қауымдастығы үшін ақпараттық науқан өткізу.	Ақпарат	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. аға тәлімгер Серикбаева Г.К. Әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А. сынып жетекшілері, дене шынықтыру мұғалімдері, мұғалімдер, медициналық қызметкер	Жыл бойы
26	2025-2026 оқу жылына арналған кәсіптік бағдар беру және педагогикалық сынып жұмыс жоспарын бекіту.	Жоспар	Директор, ОТІ.ТІ жөніндегі директордың орынбасары, педагог-психолог Қалжанова Е.Ж. , педагог-кәсіби бағдар беруші, әлеуметтік педагог	Тамыз-қыргүйек
27	Мектептің әлеуметтік паспортын құру	Әлеуметтік	Әлеуметтік педагог	Қыргүйек

		паспорт	Нурмашева Г.А.	
28	Жас өрт сөндірушілердің, ЖҚЕ жас инспекторларының, "Жасыл клуб", 3-9 сынып оқушыларының қатарынан Жас құтқарушы жасағын ұйымдастыру	Жоспар	АӘТД оқытушысы Жумашев Е.Б. . Тәлімгер Серикбаева Г.К. Педагог – ұйымдастырушы Миллер А.В.	Қыркүйек
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
1	Білім күні. «Мектеп – мейірім мекені!» атты салтанатты жиынын 1, 11 сынып оқушыларына өткізу. «Менің Отаным – Қазақстан» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут) Мектеп оқушыларына «Мектептің ішкі тәртіп ережелі мен мектеп формасына қойылатын талаптары» ақпараттық түсіндіру жұмыстары 1-11 сынып	Салтанатты іс-шара /сынып сағаты #Bilim_quni хэштегі әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Канафина К.М. Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. Чугаева Е.В. 1,11 сынып жетекшілер 2-10 сынып жетекшілер	2 қыркүйек
2	Күнделікті таңғы жаттығу, белсенді үзілістер, сабақ кезіндегі дене шынықтыру үзілістері, спорт секциялары, сабақтан тыс уақыттағы қозғалмалы ойындарды ұйымдастыру	Информационные материалы	ДТІЖО Канафина К.М.	Күнделікті
3	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 22 тамыздағы № 3-05-4/5704-И-хат тапсырмасын орындау мақсатында 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап оқу-тәрбие процесіне дене шынықтыруға арналған қысқа жаттығу енгізіледі	Жаттығу	ДТІЖО Канафина К.М. Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В.Серикбаева Г.К. денешынықтыру мұғалімдері 1-11 сынып жетекшілері	Әр сейсенбі сайын

	1–4 сыныптар https://disk.yandex.kz/i/FhUOk3a0K5qu9A); 5–9 сыныптар https://disk.yandex.kz/i/5G0E3-6UOeOC3g); 10–11 сыныптар https://disk.yandex.kz/i/0oeRzrZv0eBsvw). Музыкалық сүйемелдеу: 1–4 сыныптар https://disk.yandex.kz/d/kjorOldRadLRRg); 5–9 сыныптар https://disk.yandex.kz/d/9uFWbSBBL4sXRw); 10–11 сыныптар https://youtu.be/T1foUHPRObQ?si=VxrK6x59UPUolslr).			
4	«Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара	ДОІЖО Сулейменова З.Ш. ДТІЖО Канафина К.М. Гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері 1-11 сынып жетекшілері	5-12.09.2025
5	АПҚО жұмысын жетілдіру мақсатында кеңес беру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» Ата-аналар жиналысы	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А. Педагог-психолог 1-11 сынып жетекшілер	19 тамыз Қыркүйектің 8-12.09.2025
6	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІД және т.б.) бірлесіп	08.09.2025

			1-11 сынып жетекшілері	
7	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі Отбасы күніне орай тақырыптық іс-шаралар ұйымдастыру	Отбасы күніне арналған челлендж	ДТІЖО Канафина К.М. Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. Мектеп тәлімгері Серикабева Г.К. 1-11сынып жетекшілері	2-10 қыркүйек
8	Ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның іс-шаралары аясында «Ақындар айтысы» республикалық сайысын ұйымдастыру	Жоспар бойынша тақырыптық іс-шаралар #1ТОҚСАН#АҚЫН ДАРАЙТЫСЫ# хэштегімен әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Серкебаева Ж.А Музыка пәні мұғалімі Чугаева Е.В. Шахаева А.М. Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. Мектеп тәлімгері Серикабева Г.К. 4-11 сынып	9 қыркүйек-24 қазан
9	Буллингтен қорған» тақырыбында мектеп оқушыларына сынып сағаттары мен дәрістер ұйымдастыру (Komek Stop Bulling QR кодымен таныстыру) Психолог сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	ДТІЖО Нуржанова Г.К. Әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А. Педагог-психолог Қалжанова Е.Ж. Махамбетчина Д.Б. 1-11 Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ПД және т. б.) бірлесіп	15.09.2025
10	Еңбек түбі береке. Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілері 1-11 сыныптар	22.09.2025

11	Білім беру ұйымдарында «Қауіпсіз мектеп ортасы» республикалық акциясын өткізу Оқушылармен төтенше жағдайлардың алдын алу және мінез-құлық ережелері бойынша интерактивті сабақтарды ұйымдастыру және өткізу.	Конспектілер, Жарияланымдар	ДҚТІЖО Нуржанова Г.К. Әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А. Педагог-психолог Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. Мектеп тәлімгері Серикабева Г.К. 1-11 сынып жетекшілер ТЖ өңірлік қызметтерінің өкілдері	Келісім бойынша
12	Білім беру ұйымдарында жалпыға бірдей ата-ана тәрбиесін жүргізу арқылы балалар-ата-аналар қатынастарын нығайту. "Отбасы сағаты" облыстық жобасын іске асыру	Онлайн	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Психологиялық қолдау орталығы	Келісім бойынша
13	Алғашқы көмек көрсету 1-11 сыныптар	Ашық сабақ, түсіндірме жұмыстары, интерактивті сабақ, викториналар	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Мед бике Жарылгапова Г.Ж. сынып жетекшілер Теміртау қаласының төтенше жағдайлар бөлімдері мен басқармаларының қызметкерлері	2025-2026 оқу жылы Әр тоқсан сайын 1 рет
14	Өрт қауіпсіздігі 1-11 сыныптар	Ашық сабақ, түсіндірме жұмыстары, интерактивті	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Сынып жетекшілер	2025-2026 оқу жылы Әр тоқсан

		сабақ, викториналар	Теміртау қаласының төтенше жағдайлар бөлімдері мен басқармаларының қызметкерлері	сайын 2 рет
15	Өрт кезіндегі іс-қимыл 1-11 сыныптар	Ашық сабақ, түсіндірме жұмыстары, интерактивті сабақ, викториналар	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Теміртау қаласының төтенше жағдайлар бөлімдері мен басқармаларының қызметкерлері	2025-2026 оқу жылы Әр тоқсан сайын 2 рет
16	Балалардың терезеден құлауының алдын алу 1-11 сыныптар	Ашық сабақ, түсіндірме жұмыстары, интерактивті сабақ, викториналар	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Теміртау қаласының төтенше жағдайлар бөлімдері мен басқармаларының қызметкерлері	2025-2026 оқу жылы Әр тоқсан сайын 2 рет
17	Мектеп оқушыларының рационалды күн тәртібін қалыптастыру және сақтауға бағытталған алдын алу шаралары олардың денсаулығын сақтау және нығайтуға, еңбекқабілеттілігін арттыруға, шаршау мен созылмалы шаршаудың алдын алуға бағытталған (Өңгімелер мен дәрістер, сынып сағаттары, интерактивті сабақтар мен викториналар, ата-аналар жиналыстары) 1-11 сыныптар	Ақпараттық материалдар	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. дәрігерлер, МҚ директорлары, ББ, ДҚ басқармалары	2025–2026 жж. тоқсан сайын

18	«Жас Ұлан» «Жас Қарын» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының республика, облыстық, қалалық деңгейінде өтетін іс-шаралармен танысу, және жоспар бойынша іс-шараларды ұйымдастыру «Мектеп Парламенті» өзін – өзі басқару ұйымының қызметін ұйымдастыру, тізімін жасақтау 1-11 сыныптар	Жоспар бойынша тақырыптық іс-шаралар	ДТІЖО Канафина К.М. Мектеп тәлімгері Серикабева Г.К.	Жыл бойы
19	«Жас Ұлан» әлеуметтік желілердегі парақшаларын қалыптастыру	Әлеуметтік желіге ақпарат	ДТІЖО Канафина К.М. Мектеп тәлімгері Серикабева Г.К	қыркүйек
20	"Менің еңбегім - білім" оқушылардың болашақ мамандығы туралы эссе 7-8 сыныптар	Эссе	ДТІЖО Канафина К.М. Педагог-профориентатор Миллер А.В.	22- 26.09.2025
21	Қаржылық сауаттылық сабағы 1-11 сыныптар	Сынып сағаты	ДТІЖО Канафина К.М. сынып жетекшілер Сынып жетешілер	29.09.2025
22	«ДОСБОЛІКЕ» бағдарламасы бойынша ұйымдастыру кезеңі 1-11 сыныптар	Ұйымдастыру кезеңі	ДТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А. Педагог-психолог Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. Мектеп тәлімгері Серикабева Г.К. 1-11 сынып жетекшілер	Қыркүйек айы
23	Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл "Шоқан-қазақтың жарық жұлдызы" тақырыптық іс-шаралар	Іс-шаралар	ДТІЖО Серкебаева Ж.А Мектеп тәлімгері Байсейтова А.А	25.09.2029

	4-7 сыныптар		Қазақ тілі пәні бірлестігі Есқожа М.Е 1-11сынып жетекшілері	
24	"Театрдың ғажайып әлемі" театр өнерінің фестиваль-байқауы; "Бояулар құпиясы" жас суретшілер байқауы; Шығармашыл оқушылар арасындағы "Ақберен" республикалық өнер байқауы "Абай оқулары" республикалық шығармашылық конкурсы "Мағжан оқулары" республикалық ғылыми-шығармашылық конкурсы; "Әбіш оқулары" республикалық ғылыми-шығармашылық конкурсы; "Мәшһүр Жүсіп оқулары" республикалық конкурсы; "Ілияс оқулары" республикалық конкурсы; "Жыр алыбы-Жамбыл" республикалық жас ақындар конкурсы; "Мақатаев оқулары" конкурсы;	Шығармашылық байқаулыр, сайыстар, көрмелер	ДҚТІЖО Нуржанова Г.К. Әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А. Педагог-психолог Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. Мектеп тәлімгері Серикабева Г.К. 1-11 сынып жетекшілер	Қыркүйек – мамыр

	"Bebras" информатика бойынша ойын-конкурсы; "Кенгуру" ойын-конкурсы. "Ақ шағала" хореографиялық фестиваль-байқауы; "Открываем мир профессий" форумы (оның ішінде аудандық, қалалық, облыстық, республикалық); "Первый шаг к великому изобретению" инновациялық идеялар байқауы (оның ішінде аудандық, қалалық, облыстық, республикалық); "Дети Казахстана в мире без границ!" балалар киносы фестивалі (оның ішінде аудандық, қалалық, облыстық, республикалық); "Табиғатты аяла" жас өлкетанушылар, экологтар және натуралистердің форумы (оның ішінде аудандық, қалалық, облыстық, республикалық); "Менің Отаным – Қазақстан" туристік экспедициялық жасақтарының слеті (оның ішінде аудандық, қалалық, облыстық, республикалық); "Алтын қазына" көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығының көрме конкурсы			
--	---	--	--	--

	(оның ішінде аудандық, қалалық, облыстық, республикалық); "Алау" ("Жас улан") әскери спорттық ойындардың финалы (оның ішінде аудандық, қалалық, облыстық, республикалық); "Моя инициатива – моей Родине" шығармашылық жобалар байқауы (оның ішінде аудандық, қалалық, облыстық, республикалық			
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 18 Қазан –Рухани келісім күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні				
1	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет Электрлік құрылғылар мен газ құралдарының қауіпсіздігі. Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Жалпы мектептік волонтерлық акциясы	ДҚТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А. Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. Мектеп тәлімгері Серикабева Г.К. 1-11 сынып жетекшілер	29.09.2025
	Выставка рисунков на тему "Темиртау: сквозь десятилетия" 1-6 классы Турниры по футболу, волейболу 7-10 классы	М ероприятие к 80-летию города Темиртау		

2	«Даналық ұстаздан» челленджі Мерекелік іс-шаралар жоспар бойынша 1-11 сыныптар	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	ДҚТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Әлеуметтік педагог Нурмашева Г.А. Педагог-ұйымдастырушы Миллер А.В. Мектеп тәлімгері Серикабева Г.К. Сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Қазан айының 1 аптасы
3	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 1-11 сыныптар	Сынып сағаты	ДҚТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ПД және т. б.) бірлесіп	06.10.2025
4	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 1-11 сыныптар	Алдын алу шаралары (лудоманияның алдын алу)	ДҚТІЖО Канафина К.М. Нуржанова Г.К. сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	13.10.2025
